

Мазмұны

2

Ұйым туралы
мәлімет

4

Топ

6

2018 жылғы
қызмет

8

Ұйымның дамуы

10

Жобалық қызмет

24

Филиал жобалары

26

Сыртқы
байланыстар

28

Серіктестер




«Қазақстан жастар ақпараттық қызметі» қоғамдық қоры (ҚЖАҚ) – бей-жай емес, өз білімін, энергиясын, ой-өрісін Қазақстанның дамуы мен гүлденуіне бағыттаған жастарды біріктіретін бейкоммерциялық ұйым.



жас – ұйымның мақсатты тобы



18 жылдың ішінде жасалған жобалар саны



жыл сайын жас азаматтар



барлық кезеңдердегі жастар



баспасөздердегі жыл сайынғы басылымдар саны



– әлеуметтік желілердегі оқырмандар саны



жіберілім адресаттары



>300 қазақстандық және халықаралық серіктес ұйымдар

>20 халықаралық серіктес ұйымдар



2 халықаралық жастар коалиция қатысушысы


Ресурсты база



Донорлық, демеушілік және техникалық көмек



Еріктілер және қызметкерлердің ақыл-парасаты және энергиясы




Құрылтайшылар мен қамқоршылар жарналары

Жұмыс қағидалары



АШЫҚТЫҚ
– біз ақпаратты алу және тарату ашықтығы мен бостандығын бағалаймыз



ТЕҢДІК
– біз әлемдегі барлық адамдардың құқықтары мен мүмкіндіктерінің теңдігіне сенеміз



ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ
–біз әрқайсысының мүдделерін ескеріп, әділетті қоғам идеясын қолдаймыз



СЕРІКТЕСТІК
біз win-win қағидасын ұстанамыз және серіктестерімізді дамуға тартамыз




НӘТИЖЕЛІЛІК
Нәтижелілік - біз қоршаған ортаны, адамдар мен қоғамдастықты жақсарту үшін өзгертуге бағытталған әрекеттерді жақсы көреміз

Қызмет бағыттары



Қызмет формалары



География



- Астана
- Алматы
- Павлодар
- Қарағанды
- Семей
- Шымкент
- Петропавл



ИРИНА МЕДНИКОВА

Бас директор



Василина Атоянц

Атқарушы директор



Томирис Жолдасова

Ақпараттық бағдарламалар департаменті директорының м.а.



Балжан Турлыбекова

HR-департаменті директоры



Анна Вильгельми

Media adviser

Арсен Аубакиров

Петропавл қ. ҚЖАҚ филиалы директоры м.а.



Рустам Жантасов

Зерттеу және аналитика бөлімі жетекшісі



Ырысалды Сураганова

Ақпараттық бағдарламалар бөлімі ұйымдастырушысы



Венера Баяшова

HR-бөлімі ұйымдастырушысы



Елена Вдовченко

Ақпараттық бағдарламалар бөлімі ұйымдастырушысы



Сауле Тастенбекова

Жоба ұйымдастырушысы



Петропавл

Евгений Хабаров

Павлодар қ. ҚЖАҚ филиалы
ұйымдастырушысы



Астана



Анар Мажит

Астана қ. ҚЖАҚ филиалы директоры

Павлодар

Қарағанды



Камила Есенова


HR-бөлімі ұйымдастырушысы

Семей



Илья Бароховский

Семей қ. ҚЖАҚ филиалы директоры



Айдар Елькеев


Ақпараттық бағдарламалар
бөлімі ұйымдастырушысы



Лилиана Абдурахманова

HR-бөлімі ұйымдастырушысы

Алматы



Алишер Кожажулов

HR-бөлімі ұйымдастырушысы



Хадиша Акаева

Ақпараттық бағдарламалар
бөлімі ұйымдастырушысы

Шымкент

Яна Ибрашева

Ақпараттық бағдарламалар
бөлімі ұйымдастырушысы



Ирина Поддубная

HR-бөлімі ұйымдастырушысы



2018 ЖЫЛҒЫ ҚЫЗМЕТ



іске асырылған
жоба саны



жаңалықтарды
алушылар



тартылған
қаржылардыру



БАҚ-тағы
ескертулер



жоба қатысушылары

Байланысты дамыту


Әлеуметтік желілер

Қазақстан жастар ақпараттық қызметі жастарға маңызды әлеуметтік және саяси оқиғалар туралы, көшбасшылық және қоғамдық ұйымдарды дамыту мүмкіндіктері, гранттық конкурстар мен тәжірибе туралы ақпаратты misk.org.kz сайтында және әлеуметтік желілерде ұсынады.




3138

жарияланған
материалдар мен
жастарға қатысты
оқиғаларға сілтемелер




2018 жылға қарай жазылмандар санының артуы



MISK.ORG.KZ

НЕ ЖАРИЯЛАЙМЫЗ



БІЗДІҢ ЖОБАЛАР
ЖАҒАЛЫҚТАРЫ

ҚЫЗЫҚТЫ
ОҚИҒАЛАР

ВАКАНСИЯЛАР


ИНТЕРВЬЮ

КОНКУРСТАР ЖӘНЕ
ТАҒЫЛЫМДАМАЛАР
АНОНСТАРЫ



1000 - 1500

айына бірегей
қолданушылар
саны



53 – біздің тілшілер мен қызметкерлер дайындаған Қазақстандағы және бүкіл әлемдегі жастар мен жастар ұйымдары туралы материалдар

Әлеуметтік желілердегі репост



ZHASCAMP.KZ

САЙТТА НЕ БАР



БЕЙФОРМАЛДЫ ZHASCAMP
КОНФЕРЕНЦИЯСЫНА
ҚАТЫСУШЫЛАРДЫ ТІРКЕУ

БАҒДАРЛАМА

КОНФЕРЕНЦИЯДАН
КЕЙІН СПИКЕРЛЕР
ПРЕЗЕНТАЦИЯЛАРЫ

ДАЙЫНДЫҚ
ЖӘНЕ ЛОГИСТИКА
ЖАҒАЛЫҚТАРЫ

ҚОНАҚТАР МЕН
СПИКЕРЛЕР ТІЗІМІ



3500

конференция дайындығы мезгілінде
айына қолданушылар саны

ZHASCAMP 2018 ҚАТЫСУШЫЛАРЫ

Қазақстанның барлық
аймағындағы жастар



726

тіркелген қатысушылар

213 қатысушылар 3 қалада:
Өскемен
Астана
Алматы

56 адам басқа қалалардан келді

46 адам тренинг өтті

Жылдық жоспарлау

14-17 желтоқсан аралығында Алматы қаласында ҚЖАҚ бас кеңсесінде (Алматы) Алматы, Астана, Петропавл, Шымкент, Семей, Қарағанды және Павлодар қалаларынан тұратын жылдық жоспарлау кешені өтті.

Біз 2018 жылды қорытындыладық және ұйымдастырушылық және жобалық дамуды талдадық, аяқталған жобалық көрсеткіштерді қарадық. Осылайша, 2018 жылы ҚЖАҚ қазақстандық жастар үшін 17 жоба өткізді: Almaty Video School, Азаматтық білім беру мектебін, Адам құқықтары мектебін, ZhasCamp, Human Rights Cinema, April Fest, Bridge from Erasmus +, Жедел телефон желісі іске қостық және. «Жастар сөйлейді», «Студенттік нұсқаулық» жинақтарын және әлеуметтік-экономикалық мәселелер бойынша нұсқаулықтарды дайындаған misk.org.kz сайтының редакциясы, және, ақырында, «Youth: leaders and trends» атты халықаралық конференция өткіздік.

5 ФИЛИАЛ
ЖЫЛ БОЙЫ 14 «ЖАНДЫ
КІТАПХАНА» ӨТКІЗДІ ЖӘНЕ
ЖАСТАРҒА АРНАЛҒАН
6 ҚАЛАЛЫҚ ЖОБАЛАР
ЖАСАДЫ

#misk_kz

#young



#plan

ҚЖАҚ

Тағылымдамасы

Жыл бойы ҚЖАҚ кеңсесінде тағылымдама бағдарламасы өткізіледі. Бұл жас көшбасшылардың дағдыларын жақсартуға, Қазақстанның үшінші секторымен таныстыруға және жаңа серіктестермен байланыс орнатуға бағытталған екі апталық жоба.

21 тамыздан 31 тамызға дейін біздің кеңсемізге Астанадан Парасат Бейсенова келді. Тағылымдамадан өту кезінде ол Жанды кітапхананы ұйымдастырды, сондай-ақ азаматтық сектордың түрлі сарапшыларымен кездесті.

10 және 20 желтоқсан аралығында Қарағандыдан келген Иван Савицкий мен Александр Хлитинцов тағылымдама өтті. Он күн бойы тағылымгерлер азаматтық сектордың 5 маманымен: қала құрылысы, феминизм, танымал журналистермен сөйлесіп, ірі қоғамдық экологиялық ұйымдардың кеңселеріне барды.

Сонымен қатар, тағылымгерлер медиа-материалдар жазу бойынша тренинг өтіп, ұйымның веб-сайтына 3 материал дайындады. Олар сондай-ақ жастардың әлемді қалай өзгерткені туралы әңгімелеген Student's Impact Talk ұйымдастыруға қатысты.



#стажеры

#misk_kz

ZhasCamp

ZhasCamp жастар [бей] конференциясы – жастардың әлеуметтік бастамаларына бағытталған ең ірі іс-шаралардың бірі, 2010 жылдан бері өтіп келеді.

Мақсаты – жастарды әлеуметтік белсенділікке тарту, желілер жасау және әлеуметтік дамудың үздік тәжірибелерін тарату.



Біздің қатысушыларымыз жастар және студенттік ұйымдардың көшбасшылары, блогерлер мен журналистер, жас бизнесмендер, дизайнерлер және суретшілер, қорытып айтқанда, белсенді және парасатты жастар.

ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ӘР ЖЫЛ БОЙЫНША САНЫ

Бес жыл ZhasCamp Алматыда, ал 2015 жылы – Шымкент, Астана, Ақтау қалаларында өтті. 2016 жылы – Талдықорған, Атырау, Павлодар, Семейде. 2017 жылы – Қостанай, Шымкент, Қарағанды, Ақтөбе және Петропавлда. 2018 жыл – Алматы, Астана, Өскеменде.



- Алматы
- Шымкент, Астана, Ақтау
- Талдықорған, Семей, Атырау, Павлодар
- Қостанай, Шымкент, Қарағанды, Ақтөбе, Петропавл
- Алматы, Астана, Өскемен

ZhasCamp 2018 деректері



726
адам сайтта
тіркелді



15
материалдар
БАҚ-та
жарияланды



11089
рет басылымдар
қаралды



ТРЕНЕРЛЕР ЖӘНЕ САРАПШЫЛАР

26 – тренерлер және сарапшылар

6 – Ресей, Қырғызстан, Украина, Германия, Финляндиядан



4 БАС СЕРІКТЕСТЕР



Сорос-Қазақстан
қоры



Астанадағы ЕҚЫҰ
Бағдарламалар офісі



АҚШ елшілігі



Ф. Эберт атындағы қор

2 БАҚ



7 коммерциялық
ұйым



29 жастар ұйымы



42 СЕРІКТЕСТЕР

БАҒДАРЛАМА

ҚОҒАМДЫҚ САЯСАТ, ӘЛЕУМЕТТІК БИЗНЕС, МЕДИА ЖӘНЕ ЗАМАНАУИ ӨНЕР



Өскемен

22 қыркүйек (А.С. Пушкин атындағы Шығыс Қазақстан облыстық кітапхана)



- 34 қатысушы
- 12 қатысушы Қазақстанның басқа аймақтарынан келді

- 3 сарапшы және тренер



Астана

29 қыркүйек («Astana Hub» IT стартаптар халықаралық технопаркі)



- 30 қатысушы
- 12 қатысушы Қазақстанның басқа аймақтарынан келді

- 3 сарапшы және тренер



Алматы

19-21 қазан (KIMEP университеті, SIGSS кеңістігі, Smart.Point және Қастеев атындағы мемлекеттік музей)



- 149 қатысушы
- 32 қатысушы Қазақстанның басқа аймақтарынан келді
- 46 адам тренингке қатысты

- 20 сарапшылар және тренерлер, оның 6 Ресей, Қырғызстан, Украина, Германия, Финляндиядан келген қонақтар.

ZhasCamp

2018 жыл қортындылары

2018 жылы ZhasCamp Talk екі қалада: 22 қыркүйекте Өскеменде және 29 қыркүйекте Астанада өтті, оған 34 және 30 қатысушы қатысты.

ZhasCamp Talk жобалық модельдеуге бағытталды, мақсатты топты әлеуметтік жобаға тарту, серіктестердің әртүрлі типтерімен қалай қарым-қатынас жасау және ақыр соңында олардың идеяларын жүзеге асыруға ақша тарту сияқты тақырыптар бойынша үш тренинг өткізілді.

19 және 21 қазан аралығында Алматыда ZhasCamp [бей] конференциясы өтті. Алаң 146 қатысушыны жинады, олардың 32-і Қазақстанның әртүрлі қалаларынан келді, 46 жоба басқару бойынша тереңдетілген тренингтен өтті.

ZhasCamp бағдарламасы бойынша 5 түрлі іс-шара өтті.

ZhasCamp-те жастардың қажеттіліктері мен ТМД кеңістігінде даму бағдарламаларын зерттеу нәтижелері ұсынылды. 2018 жылдың бірінші жартысында Қазақстанда, Арменияда, Қырғызстанда, Ресейде және Украинада «Youth mapping» атты зерттеу жүргізілді.

ZhasCamp Almaty бағдарламасының негізгі бөлігі 20 қазанда өтті. Іс-шара «Generation Z» панельдік пікірталастардан басталды, жалпы алғанда 15 спикер сөз сөйледі, олардың 5 шетелдік қонақтар болды.

21 қазан күні ZhasCamp Projects Market өткізілді: сарапшылар тарапынан қаржылық тұрақтылық, краудфандинг, серіктестермен байланыс және 50 адамға арналған әлеуметтік бейнеге сценарий жасау бойынша 4 тренинг өткізілді.

Ашық бағдарлама үш параллельді ағынмен өтті, онда 32 жоба ұсынылды.

ZhasCamp-тан кейін еліміздің 11 қаласынан 26 қатысушыдан тұратын жұмыс тобы құрылды, олар 16 жобалық идеяны ұсынды.



Пікірлер

Арайлым Сембаева,
психолог, ҚҚ «Отбасы орталығы»:

Мен ZhasCamp-ке алғаш рет қатысудамын. Әлеуметтік жобаны қалай жазу керектігін, әлеуметтік жобаның негізі қандай, қандай мақсаттар қою керек екендігін білгім келді. Менің күткенім орындалды, себебі алдымен теория берілді, содан кейін тәжірибе тереңдей түсе: біз жаттығу арқылы барлық нәрсені игере бастаймыз. Мен жас азаматтарға «белсенді азаматтық» және «әлеуметтік жобалар» деген ұғымдарды енді ғана түсініп келе жатқан жастарға ZhasCamp-ті ұсынамын. Сондай-ақ, сіз мұнда жаңа таныстар, білім, дағдылар, сіздің жұмысыңызда пайдалануға болатын техникаларға ие боласыз.

Кристиана Даутова,
24 жас,
журналист, Өскемен:

Мен әртүрлі медиа-кемптерде болдым, алайда маған ZhasCamp қаттырақ ұнады, себебі әр түрлі қалалардан үлкен аудиториясы бар, әр адам бірегей, өз идеялары бар. Бүгін мен өзім үшін көп нәрсені түсіндім, тіпті кейбір жобалар мені де қызықтырды. Бүгін біз тақырыптарға, коммуникацияларға және краудфандинг тақырыптарын қарастырдық, мен екіншім маған жақын екенін түсіндім. Мен тіпті жобаның идеясын ойластырдым, бұл Шығыс Қазақстандағы туризммен байланысты.

Анель Бекболатқызы,
17 жас, НИМ,
Өскемен:

Қазақстанда асындай [бей] конференция бар екеніне өте қуаныштымын, мұнда жастар өз пікірлерін ортаға салып, өз жобаларын жүзеге асыра алады. Бұл жердің атмосферасы сондай: әркім өз идеяларын ортаға салады, өздері соншалықты ынтылы, өз жобаларын жүзеге асырғысы келеді. Менің де өз жобамды жасағым келеді.

Чингиз Уалихан,
factcheck.kz порталы журналисті:

Мен ZhasCamp-ке алғаш рет қатысудамын және маған бұл жерде қазірдің өзінде бірдеңе жасап жатқан көптеген шығармашылық жастар бар екендігі өте ұнады. ZhasCamp мені шабыттандырды және өз қалаларында не істеп жатқандарын, олардың қалай жұмыс істейтінін, адамдарды қалай біріктіретінін, командаларды жасағаны туралы тыңдау өте қызықты болды. Бұл мені көп нәрсеге шабыттандырды. Маған бұл [бей] конференция екендігі ұнады. Біз бір-бірімізбен еркін байланыса аламыз, сонымен бірге біз ортақ жобаларды жасауға серіктестер табуға тырысамыз. Жастар үшін бұл ең жақсы формат. Мен ZhasCamp көптеген біріккен жұмыстардың негізі болатынына сенімдімін.

Евгения Шрейбер,
тренер, «Тринта» жекеменшік қорының
сарапшысы:

ZhasCamp Talk Oskemen аясында біз қаланың азаматтық кеңістігі туралы әңгімеледік, кім оны қалыптастырады және қоршаған ортаны дамытуға қалай әсер етеді. Маған жастардың бастамасы өте көп, әр түрлі идеялар бар екендігі қатты ұнады. Мұнда тәжірибелі жастар бар, ZhasCamp-ке бірінші рет қатысатындар бар, және олардың әрқайсысында өз идеяларын практикада қолдануға көмектесетін қозғаушы күш бар. Біз коммуникация туралы әңгімелестік: жергілікті қоғамдастық дегеніміз не, олармен қалай байланысу керек. Жастар өз пікірлерімен бөлісті, сонымен қатар біздің идеяларымыз бен жоспарларымызға, соның ішінде өзімізге деген сенімділікті, біздің командада мақсатымыздың айқын көрінісі үшін күш-жігер алу керек екендігін айттық. Өте ризалы аудитория, өте қызықты адамдар. Меніңше, бүгін жастар азаматтық жобаларға әртүрлі түрде қатысуда.

Ұйымдастырылған жастар, мысалы, студенттер, еріктілер бар. Бұл жастар өздерін, олар қайда барады, не істеу керек екендігін өздері іздейді. Әдетте, бұндай жастар азаматтық жобаларға белсене қатысады. Жақсы әлеуеті бар, идеялары бар жастар бар, олар мәселені қалай шешуге болатындығын біледі, бірақ олар ұйымдастырылмаған жастар.

Көптеген жағдайда бұндай топтағы жастар жұмыс істейді немесе студенттік уақыттан шыққан. Сондай-ақ, көптеген ұйымдар мектеп оқушыларымен жұмыс істегісі келмейді, бірақ олар тіпті ең жүйелі идеялары бар, тіпті қызықтыратын, жанып тұрған кішігірім адамдар. ZhasCamp міндеті – осындай жастарды азаматтық үдерістерге тарту.

Григорий Мартишин,
Philtech акселераторы трекері
және әлеуметтік кәсіпкерлік
бойынша сарапшы

Маған қоршаған ортасына бәрібір емес адамдардың қатарында болуға өте қуаныштымын. Қазақстан жастарында да, Ресей жастарында да көптеген мәселелерді бар, олар шешу керек және бұл бізді біріктіреді. Екі елде де белгілі бір міндеттерді шешуге назар аудару және өз қолыңмен шешуге көмектесетін құрал ойлап табу өте қиын. Әлеуметтік мәселелердің шешілуі, өзгерістер құралы әдетте әлеуметтік кәсіпкерліктің технологиясында бар болып табылады. Осы бойынша біз ZhasCamp қатысушыларымен жұмыс істедік: бизнес-модельдерді және әлеуметтік кәсіпкерлікті дамыту. Жастар не істеп жатқанын есту қызықты болды, және біздің елдеріміздің ортақ мәселесі бар, көптеген адамдар өздерінің жобаларына фокусты түрде қарай алмайды: аудитория қандай, олар қандай мәселені шешеді, олар өз жобаларын қалай монетизациялайды. Мұның бәрін тренинг кезінде үйрендік.



Азаматтық БІЛІМ БЕРУ мектебі

Азаматтық білім беру мектебі – саясаткерлер, журналистер, экономистер, құқық қорғаушылар, сондай-ақ суретшілер мен режиссерлер, кәсіпкерлер және ірі бизнес компаниялар өкілдері сөйлейтін жастар үшін ашық алаң. Бағдарламаға мемлекеттің институционалдық құрылымы: экономика және саясат, медиа-нарық және сот жүйесі, дін және саяси партиялар, адам құқықтары және мемлекет пен қоғам арасындағы қарым-қатынас туралы семинарлар мен пікірталастар кіреді; бағдарламаның бір бөлігі заманауи өнерге, сондай-ақ ірі компанияда мансапты дамытуға немесе бизнесті бастауға арналған.

Мектеп бір ай бойы ашық, кешкі уақытта аптасына екі рет өткізіледі. Ол еркін пікірталас форматын, сұрақтар мен жауаптарды қолдайды, сабақтар интерактивті форматта өткізіледі. Жылына мектептің 2-3 маусымы өтеді. Бұл жоба 2011 жылдан бері Қазақстанның 5 қаласында: Алматы, Шымкент, Астана, Семей, Қарағанды қалаларында өтеді және 2500-ден астам жас адамдар бітірді.

2018 жылы мектептің 2 маусымы болды. Азаматтық білім беру мектебінің 17-ші маусымына қатысу үшін 15-29 жас аралығындағы жастардан 145 өтініш келіп түсті. 7 сәуірден бастап 4 мамырға дейін Алматы қаласында 18 сабақ өтті, олардың әрқайсысында орташа есеппен 40 қатысушы болды.

22 қарашадан бастап 10 желтоқсанға дейін АБМ-ның 18-ші маусымы Алматыда өтті. Қатысу үшін өтініш білдірген 80 адам, бірінші сабаққа 53 адам келді.

Жоба мақсаты
жастарға адам құқығы
және азаматтық белсенділік
саласында білім беру



Адам құқығы мектебі

Жоба мақсаты – Қазақстандағы жас құқық қорғаушылардың біліктілігін арттыру және оқыту. Адам құқықтары мектебі Қазақстандағы 5 қалада кіріспе семинарларды және адам құқықтарын терең зерттеу арқылы апта сайынғы базалық тренингтерді қамтиды.

Бағдарламаға халықаралық келісімдер мен конвенциялар негізінде адам құқықтарының тұжырымдамасы мен философиясын, сондай-ақ жергілікті конституцияны, ақпараттық-насихаттау технологиясын және қатысушылардың адам құқықтары саласындағы бастамаларын дамытуды зерттеу кіреді.

Жоба Қазақстанда 2015 жылдан бастап жүзеге асырылуда және еліміздің 5 қаласында өтуде, 4 жыл ішінде 90 адам кіріспе семинарға қатысып, 24 адам құқықтары саласындағы жобалар жүзеге асырылды, 30 пайызы үшінші секторда белсенді, 15 пайызы

мектепке қатысудан бұрынғы жұмыс орындарында және тағы басқалары МИСК-де жұмыс істеуде.

2018 жылдың сәуір-маусым айларында Астана, Семей, Қарағанды, Шымкент және Петропавл қалаларында адам құқықтары туралы білуге 200-ден астам адамды біріктірген мектепке кіріспе семинарлар өткізілді. 1 шілдеден 7 шілдеге дейін Ыстықкөл (Қырғызстан) базалық курсына Қазақстанның 9 аймағынан 18 белсенді активист шақырылды. Курстың тренерлері Поляк Хельсинки қорының сарапшылары Алина Поморска пен Зенон Колодези болды.

2018 жылы жобаның нәтижесі 7 адам құқықтарын қорғау жобалары болды, олардың 4-і шағын гранттармен қамтамасыз етілді және қатысушылар жобаларды өз қалаларында жүзеге асырды.



ЖАНДЫ КІТАПХАНА

Жанды кітапхана адамдарға қоғамдағы кемсітушілік, стереотиптер мен теріс ұғыныс бар топтар өкілдерімен бейресми түрде сөйлеуге мүмкіндік береді. Бұл қоғамдағы өзара түсіністіктің деңгейін жоғарылату үшін жалған сенімдерден арылуға көмектеседі.

«Жанды кітапхана» жай кітапхана сияқты жұмыс істейді: «оқырмандар» кіреді, оқырман билетін алады, «кітап» таңдап, оны белгілі бір уақытқа дейін оқиды. Содан кейін олар «кітабын» кітапханаға қайтарады және егер қаласа, тағы біреуін алады. Жалғыз айырмашылық - жанды кітапханады кітаптар – тірі адамдар, ал оқу – әңгіме.

Жоба халықаралық болып табылады, бірінші кітапхана 2000 жылы Данияда өтті, сол кезден бері тұрақты түрде әлемнің 200 қалаларында өтуде. МИСК Жанды кітапхананы 2015 жылдан бері Қазақстанның 9 қаласында өткізуде.

2018 жылы 17 кітапхана өтті. Алматыдан басқа, Жанды кітапхана басқа төрт қалаларда өтті: Шымкент, Семей, Астана және Петропавл. Жобаға барлығы 500 адам қатысты. Жанды кітапхана ұйымның еріктілер күштері тарапынан қаржылық қолдаусыз жүзеге асады.



Human Rights Cinema

Human Rights Cinema жобасы адам құқықтарына арналған тұрақты фильм көрсетілімі, содан кейін талқылау және пікірталас өтеді. 2018 жылы Астанада, Алматыда, Шымкентте, Семейде және Петропавлда 12 фильм көрсетілді. Әр көрсетілімге, негізінен, 20-дан 120-ға дейін жастар жиналды, ал фильмнен кейін модератормен бірге фильмде қандай адам құқықтары ұсынылғаны талқыланды.

Өз көзқарастарымен бөліскен қонақтар, режиссерлер мен киносыншылар кейбір фильмдерге шақырылды. Қаладағы белгілі авторлық киноклуб жетекшісі, киносыншы, философ, Олег Борецкий Алматыдағы кездесулердің тұрақты модераторы болды. Алматыда екі фильм көрсетілді: «Шөлдің гүлі» және «Филомена»



2018 жылы Астанада,
Алматыда, Шымкентте,
Семейде және Петропавлда
12 көрсетілім өтті



Almaty Video School

2-10 маусым аралығында Алматыда Almaty Video School жобасы өтті. Мектепке Орталық Азия елдерінен: Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Әзірбайжаннан келген жас журналистер, режиссерлар, белсенділер мен видеожазушылар қатысты. Барлығы 5 елден 116 өтініш келіп түсті, нәтижесінде 40 адам оқудан өтті. Львов католиктік университетінің журналистика мектебінің және Current Time сарапшылары мектептің тәлімгерлері мен жетекшілері болды. Видео мектеп аясында қатысушылар caption-видео және сторителлинг шеберлігін меңгерді. Қатысушылар 6 бейнеролик дайындады, олардың 2-уі Current Time жарияланды.



AprilFest

14 сәуірде Шымкентте кәсіптік бағдар беру мәселелері бойынша фестиваль өтті.

Бағдарламада: мақсатты белгілеу, өз таланттарын анықтау және болашақ маманды таңдау; бизнес, менеджмент, бұқаралық ақпарат құралдары және әлеуметтік желілерді дамыту туралы тренингтер және презентациялар, сондай-ақ ойындар мен квесттер, адам құқықтары, Жанды кітапхана, музыка, конкурстар.

Қазақстан жастар ақпараттық қызметінің бас директоры Ирина Медникова қатысушылармен кәсіптік бағдар беру және оның кәсіби тұлғалық түрін анықтау бойынша тренинг өткізді.

Фестиваль аясында ХХІ ғасырдағы қазіргі мамандықтарға арналған Жанды Кітапхана өтті.


Бұл жолы олар бізге стереотиптермен күресуге: бизнесмен, журналист, IT-маман, психолог және менеджер көмектесті. Жобаға 50 адам қатысты.



ЖАСТАР: көшбасшылар және трендтер

22 және 28 қараша аралығында Ереванда, Арменияда «Жастар: көшбасшылар мен трендтер» атты жас көшбасшыларға арналған халықаралық конференция өтті. Жас белсенділер, блогерлер, жастар ұйымдарының көшбасшылары, жас зерттеушілер шақырылды. Бағдарлама шеңберінде ҚЖАҚ бас директоры Ирина Медникованың, «Youth Mapping» зерттеу нәтижелерін презентациясы; жастарды қызықтыратын және олардың дамуына үлес қосатын инновациялық жобалар-

мен пікір алмасу және тәжірибе алмасу; адам құқықтары, әлеуметтік қозғалыстар, шығармашылық акциялар және азаматтық науқандар бойынша сессиялар; білім және ғылым министрлігі мен спорт және жастарды дамыту министрлігінің өкілдерімен кездесулер өткізді. Бағдарламағы ТМД және Балқандық аймақтың 12 елінен 60 адам қатысты. Жоба ҚЖАҚ, Прагалық азаматтық орталық және Aegee Yerevan бірлесе іске асырды.



misk.org.kz

САЙТЫНЫҢ ДАМУУЫ

2018 жылдың басынан бастап ҚЖАҚ корреспонденттері 53 материалы жариялады. Осы жылдан бастап өзіміздің контентімізді – жастарға өздерінің әлеуметтік және экономикалық мәселелерін шешуге, белсенді азаматтарға айналуға көмектесетін пайдалы қызметтермен және өнімдермен қамтамасыз етуді шештік. Материалдарға жоғары деңгей қойылды: пайдалы және жастарға арналған болуы керек, ең бастысы, бірегей, қазақстандық басқа веб-сайттардан табылмайтын ақпарат болуы керек.

Сайтта 3 тұрақты автор және редактор бар. Бірнеше жаңа рубрика бар: бірнеше сарапшылармен бірге жас азаматтарды бәрінен бұрын не қызықтыратынын түсінуге көмектесетін «Нұсқаулықтар», «Талапкер гиді» - белгілі бір мамандықтың ерекшелігі туралы жай тілмен түсіндіреміз, сонымен қатар белсенді қазақстандық жастар туралы, олардың идеялары, жобалары және армандары туралы баяндалатын «Ұрпақ даусы» рубрикасы, бұнда біз кейіпкерлермен өзекті мәселелерді талқылап, олардың пікірімен бөлісеміз.

Сонымен қатар, болашақ мамандықты дұрыс таңдауға көмектесетін мансаптық басшылық материалдарын тұрақты түрде жариялаймыз.



Жедел телефон желісі

2018 жылдың қыркүйек айынан бастап біз жастарға адам құқықтарын бұзу, білім беру, жұмыспен қамту, бизнес пен тұрғын үй туралы Жедел телефон желісін ұсындық. Енді 14 жастан 25 жасқа дейінгі кез-келген жас азамат + 7 777-669-65-00 нөміріне қоңырау шалып немесе WhatsApp жазып, тегін кеңес ала алады.

Телефон дүйсенбіден сенбіге дейін 09:00-дан 19:00-ге дейін жұмыс істейді.

Байланыс кезінде аты, тегі, жасы, ЖСН (егер 18 жаста болса), телефон нөмірі және электрондық поштаны айту керек, содан кейін сұрақ қоя аласыз. Жауап дереу берілуі мүмкін немесе егер сараптама қажет болса, онда 5 жұмыс күні ішінде беріледі.

2018 жылдың күзінен бері әртүрлі мәселелер бойынша бізге кеңес сұрап
12 АДАМ хабарласты.



Туған күн

2018 жылы МИСК өзінің 20 жылдығын атап өтті. Алматыда мерекенің ресми бөлігі SIGS Space кеңістігінде өтті, онда біз 20 жылдық жұмыстың қорытындылары туралы әңгімелестік. Барлығы 40-қа жуық ұйымның серіктестері, бұрынғы МИСК қызметкерлері жиналды. 9 қыркүйекте 20 еріктілер мен жақын достарымызбен Алматы тауларында серуен ұйымдастырдық.

20 ЖЫЛ



Семей

Студенттік құқықтар туралы комикстер. Әлеуметтік желілер үшін Қазақстандағы жастардың проблемаларын суреттейтін 8 түпнұсқа комикс жасалды. Әрбір комикс юрист түсініктемесімен бірге шығарылды, сонымен қатар қалағандарға онлайн-кеңестер берілді.

Жыл бойы **филиал еріктілері үшін оқыту курстары** өткізілді. 11 ерікті ашықтылық пен есептілік тиімді механизмдерін қолдану бойынша практикалық дағдыларды үйренді.

Кинокөрсетілімдер циклі бүкіл жыл бойы өткізілді, кеңседе 5 фильм көрсетілді, кейіннен пікірталастар өткізілді. Клуб мүшелерінің саны 57 адам болды. Сондай-ақ жыл бойы Семейде **Жанды кітапхана** 2 рет өткізілді. Бұдан басқа, еріктілер 4 адам құқықтарын қорғау бойынша квест ұйымдастырды.

Астана

Қаладағы серуен. Жаяу серуендеу зерттеу тұрғысынан жасалды. Астананың аудандары жастарға қаншалықты қолайлы екендігін білуге тырыстық. 2018 жылы қалада 3 серуендеу болды. Біз Теміржол вокзалының, Еуразияның, Жағалау айналасында жүрдік. Жастар үшін ең оңтайлы аймақ – ЕҰУ, ол барлық қажетті құралдармен жабдықталған. Сондай-ақ, бұл жерде қаланың басты жолдардың бірі орналасқандықтан, қаланың кез-келген жеріне жетуге болады. Сапар барысында белсенділік танытқан елорда тұрғындары жұмылдырылды.

Жанды кітапхана Астанада жыл бойы 3 рет өтті. Елордада бір фильм көрсетілімі өтті. Бұдан басқа, филиал сарапшылар қауымдастығымен 2 кездесу өткізді. Кеңсеге Amnesty International өкілдері Татьяна Чернобыл және Хайда МакГилл, сондай-ақ М.Горький мемлекеттік академиялық театрының әртісі Иван Анопченко келді.



Петропавл

2018 жылы филиал Канаданың Жергілікті бастамалар қоры қолдауымен **«Ақпараттық сессиялар мен көрмелер, тренингтер мен көркемөнер іс-шаралары арқылы отбасылық зорлық-зомбылыққа жастар арасында нөлдік төзімділікті арттыру»** жобасын бастады.

17 «кітап» және орта есеппен 50 «оқырман» қатысқан 6 **Жанды кітапхана** өткізілді. 4 **фильм көрсетілімі**, 13 адам қатысқан адам құқықтарына арналған 1 квест өткізілді. Бұдан басқа Достық үйіне, Қазақстан халықтар Ассамблеясына, этномәдени бірлестіктерге және медиация офисіне **экскурсия** ұйымдастырылды.

«Тренингтік петромарафон» пилоттық еріктілер жобасы келесі тақырыптар бойынша іске қосылды: «ҮЕҰ және еріктілік», «Адам құқығы және азаматтық белсенділік», «Жобаларды басқару».

28 тамызда олар үшін С.Мұқанов атындағы облыстық кітапханада адам құқықтары бойынша **пәкірталас** болды, баяндамашылар азаматтық сектор сарапшылары: Татьяна Чернобыль, Александр Данчев, Арсен Аубакиров, Рустам Жантасов болды. 15-16 қыркүйек С.Мұқанов атындағы облыстық кітапханада «Project Management» тренингі өткізілді. Тренер Елена Швецова болды. Тренинг нәтижелері бойынша қатысушылар 3 жобаны әзірледі.



Шымкент

Z ұрпағының моральдық құндылықтары –, достық мәселелерін, тактиканы, білім беруді және тазалықты сақтау және басқа да тақырыптарды қамтитын бірнеше минуттық бейнежазбалар. Әрбір видео өздігінен тақырыптың әртүрлі жағын көрсетеді. Бейнебаяндарды толығымен еріктілердің өздері дайындады және әлеуметтік желілерде жарияланды.

3 Жанды кітапхана және 2 адам құқықтары бойынша квест өткізілді.



СЫРТҚЫ БАЙЛАНЫСТАР

Бішкек

24-25 сәуір 2018 жыл

Бішкекте «ЕЭО жастар ұйымдарын дамыту перспективалары» атты халықаралық жастар форумы өтті. Форумда еуропалық және азиялық жас кәсіпкерлер арасында тәжірибе алмасу, іскерлік және әлеуметтік салада әріптестік құру жолдары туралы мәселелер талқыланды. Балжан Тұрлыбекова «Жастар арасындағы ынтымақтастықты халықаралық деңгейге қалай жеткізуге болады?» тақырыбында пікірталас барысында сөз сөйледі. Шараға Молдавия, Ресей, Қырғызстан, Қазақстан, Армения, Белоруссиядан келген 50 адам қатысты.

4-8 шілде 2018 жыл

Бішкекте «Орталық Азиялық Эдьютон» іс-шарасы өтті. Бұл медиа сауаттылығын, сандық сауаттылықты және сыни ойлау жобаларын дамыту жобасы. Орталық Азияның барлық дерлік елдері - Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Өзбекстан, сондай-ақ Украина мен Ресейден келген қонақтар қатысты. «Эдьютонға» шамамен 25 адам қатысты, ал ҚЖАҚ-дан Илья Бароховский қатысты.

31 қыркүйек 2018 жыл, 1-2 қазан 2018 жыл

Бішкекте Kloop Media сайлау заңнамасын бұзу мониторингі бойынша семинарлар ұйымдастырды. Қырғызстаннан және Қазақстаннан 15-ке жуық адам қатысты. Мұнда ҚЖАҚ-ны Илья Бароховский ұсынды.

25 қазан 2018 жыл

Бішкек қаласында түрмелерді тиімді басқару, экстремистік және террористік сипаттағы қылмыстар үшін сотталғандарды ұстау және емдеу туралы Орталық Азия диалогы өтті. Орталық Азияның (Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Түркменстан) 5 елінен 100-ге жуық өкіл қатысты. Сондай-ақ Ұлыбритания, Монако, Польша, Иордания мамандары да болды. Арсен Аубакиров ҚЖАҚ-дан қатысты.

26-27 қазан 2018 жыл

Бішкекте «Діни диалогқа негізделген экстремистік және террорлық сипаттағы қылмыстар үшін сотталғандармен жұмыс жасаудың кейбір аспектілері» тақырыбында семинар өткізілді. Орталық Азияның (Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Түркменстан) 5 елінің 40 өкілі қатысты. Сондай-ақ Ұлыбритания, Монако, Польша, Иордания сарапшылары қатысты. Арсен Аубакиров ҚЖАҚ-дан қатысты.

Прага

1 қаңтар – 30 мамыр 2018 жыл

Ирина Медникова «Youth mapping: Ресей, Қазақстан, Украина, Қырғызстан және Армения мысалында ТМД елдеріндегі жастардың мәселелері мен қажеттіліктері» зерттеуін жүргізді. Зерттеу шеңберінде 100 жас азаматтардан және 35 сарапшыдан сауалнама алынды, ал нәтижелері Чехия, Ресей, Қазақстан және Арменияда ұсынылды.

12-15 наурыз 2018 жыл

Мұнда Ceeli Институты «Бюджеттік ашықтық» тақырыбында семинар ұйымдастырды. Бұрынғы Варшава пактінің барлық елдерінен шамамен 30 адам қатысты (Украина, Әзірбайжан, Грузия, Армения, барлық бұрынғы Югославия, Ресей, Белоруссия, Қырғызстан, Румыния, Молдова, барлық Балтық мемлекеттері, Болгария). ҚЖАҚ-ны Илья Бароховский ұсынды.

20 – 22 наурыз

MoneyTALK – бұл ТМД елдерінен келген 20 азаматтық қоғам сарапшысының жабық конференциясы, онда коммерциялық емес ұйымдар мен жобаларды монетизациялау жолдары талқыланды. Ирина Медникова ҚЖАҚ тәжірибесін ұсынды және талқылауға қатысты.

20-24 мамыр 2018

UnLock - бұл азаматтық сектордағы инновациялар тақырыбына және жыл сайын 500-ге жуық қатысушыларды жинайтын азаматтық қоғамды дамытудың жаңа технологияларын қолдануға арналған алаң. Ирина Медникова ҚЖАҚ-дан осы жерге қатысты.

Стамбул

1-10 мамыр 2019

Erasmus+ Bridge жобасының шеңберінде біз 8 түрлі елдерде - Қытай, Тайланд, Қырғызстан, Қазақстан, Йемен, Польша, Литва, Түркия сияқты жастармен жұмыс істейтін 40 сарапшыны біріктірген жастар үшін бейресми білім беру бойынша тренингке қатыстық. Желі жұмысына Ирина Медникова, Лейла Махмудова және Айдар Елкеев қатысты.

Воронеж

13 – 26 мамыр 2019

«Құқықтар қаласы» адам құқықтары және азаматтық бастамалар халықаралық фестивалі осы жерде 2018 жылдың сәуір айында Воронеж қаласында өтті: 11 алаңда 31 іс-шара өтті, фестивальге 800-ден астам адам қатысты. Бағдарламада «Youth mapping: Ресей, Қазақстан, Украина, Қырғызстан және Армения мысалында ТМД елдеріндегі жастардың мәселелері мен қажеттіліктері» атты презентация таныстырылды, презентацияны Ирина Медникова ұсынды.

Варшава

17 қыркүйек 2018 жыл

ЕҚЫҰ конференциясының аясында «Халықаралық стандарттар енгізу тәжірибесі, ұлттық алдын алу тетігін, қоғамдық бақылау комиссияларын және азаптауларға және адамгершілікке жатпайтын қарым-қатынастарға қарсы іс-қимыл жөніндегі басқа бастамаларды іске асыру тәжірибесі» тақырыбында Side event өткізілді. Қазақстаннан, Қырғызстаннан және АҚШ-тан 20 адам қатысты. Арсен Аубакиров ҚЖАҚ-дан қатысты.

Ереван

7-11 қараша 2018

CampCamp 2018 – медиа, маркетинг және бизнестегі азаматтық қоғам белсенділері мен талантты мамандардың қарқынды ынтымақтастығы мен шығармашылығыны арналған алаң. Қаражат жинау, насихаттау және мемлекеттік қолдауды тарту үшін мастер-класстар, ой-талқылар, табысты жобалардың тұсаукесерлері және сараптамалық кеңестер азаматтық бастамаларға жергілікті қоғамдастықтармен өзара іс-қимылды нығайтуға көмектесті. Іс-шараға

Орталық Азиядан, Ресейден, Украинадан, Армениядан 200 адам қатысты. Балжан Тұрлыбекова ҚЖАҚ-дан келді.

22 - 28 қараша 2018

Ереванда «Жастар: көшбасшылар мен трендтер» атты жас көшбасшыларға арналған халықаралық конференция өтті. Бағдарлама шеңберінде МИСК бас директоры Ирина Медникованың, «Youth Mapping» зерттеу нәтижелері презентациясы өтті; жастарды қызықтыру және олардың дамуына ықпал ететін инновациялық жобалармен пікір алмасу және тәжірибе алмасу болды. Бағдарламаға ТМД және Балқан аймағының 12 елінен 60 адам қатысты. Жоба МИСК, Прага Азаматтық орталығы және Aegee Yerevan бірлесе жүзеге асырылды. ҚЖАҚ-дан іс-шараға Томирис Жолдасоваға барды.


АҚШ

Мамыр-маусым 2018

IVLP бағдарламасы (International Visitor Leadership Program – Халықаралық сапарлар көшбасшылар бағдарламасы) АҚШ Мемлекеттік департаментімен шетелдік көш басшылар мен олардың американдық әріптестері арасындағы қарым-қатынастарды дамыту үшін ұйымдастырылды. Қазақстаннан IVLP-де 2018 жылы 4 адам қатысты. Мұнда ҚЖАҚ -дан Хадиша Акаева қатысты. Үш апта бойы қатысушылар үкіметтік емес ұйымдарға барып, АҚШ мәдениетімен танысты.



Донорлар



Серіктестер

